

Арнаулы білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 ақпандағы N 100 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы
№ 499 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 № 499 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 9-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Қоса беріліп отырған Арнаулы білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 3 а қ п а н д а ғ ы

N 1 0 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Арнаулы білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Арнаулы білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі Қазақстан Республикасының " Білім туралы " және " Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы " Заңдарына сәйкес әзірленді және меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, арнаулы білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды.
Z 0 7 0 3 1 9

2. Дамуында түрлі ауытқулары мен кемістігі бар, емделуге және психологиялық-педагогикалық тұрғыда түзетуге, диагностикаға мұқтаж балалар

үшін арнаулы білім беру ұйымдары құрылады.

Ұзақ емделуге мұқтаж балалар, сондай-ақ дамуында кемтар болып қалған балалар арнаулы түзету білім беру ұйымдарында оқытылады және тәрбиеленеді әрі оларды мемлекет толық қамтамасыз етеді.

Девианттық мінез-құлықты балалар арнаулы білім беру ұйымдарында және ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарында тәрбиеленеді және оларды мемлекет толық қамтамасыз етеді.

2. Арнаулы ұйымдардың қызметін ұйымдастыру

3. Арнаулы білім беру ұйымдары арнаулы білім беру бағдарламаларын іске асырады .

4. Арнаулы білім беру ұйымдары жалпы білім беретін ұйыммен негізгі міндеттерді шеше отырып, балалар мен жасөспірімдердің бойындағы жоғалтқан функцияларын қалпына келтіруге, бастапқы және қайталама ауытқуды түзетуге; сақталған талдауыштардың функцияларын дамытуға; оларды әлеуметтік-еңбекке бейімдеуге, оңалтуға және қоғамға кіріктіруге ықпал ететін компенсаторлық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған айрықша функцияларды бір мезгілде орындайды .

Бұдан басқа, олардың алдында мынадай міндеттер тұр:
азаматтық пен патриоттыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу ;

республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру ;

әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін игеру;

оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу.

5. Дамуында кемтар болып қалған балаларға арналған арнаулы түзету білім беру ұйымдары жалпы білім беру бағдарламаларын іске асырады.

Білім беру процесінің нақты міндеттері мен ерекшелігіне, білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оңалту жөніндегі қызметінің бағыттарына, сондай-ақ іске асырылатын білім беру бағдарламаларының деңгейіне қарай арнаулы түзету

білім беру ұйымдары мынадай дамуында кемтар болып қалған:

1) есту қабілеті бұзылған (естімейтін (саңырау), нашар еститін, кейіннен саңырау болып қалған);

2) көру қабілеті бұзылған (көзі көрмейтін (зағип), нашар көретін, кейіннен соқыр болып қалған);

3) сөйлеу қабілеті бұзылған;

4) тірек-қозғалыс аппаратының функциялары бұзылған;

5) психикалық дамуы тежелген;

6) ақыл-ойы кенжелеп қалған (зияткерлік бұзылыстары);

7) эмоциялық-еркі жағынан және мінез-құлқы бұзылған;

8) күрделі бұзылыстары бар, оның ішінде соқыр-саңырау болып қалған балаларға арналып құрылады.

6. Арнаулы түзету білім беру ұйымдарының желісін қалыптастыруды кемтар балалар мен жасөспірімдердің білім алу қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру мақсатында осы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес білім беру саласындағы орталық атқарушы орган жүзеге асырады.

3. Білім беру процесі

7. Арнаулы ұйымдар білім алушыларды оқытудың нысандарын, құралдары мен әдістерін, ағымдағы бақылауды және оларды аралық аттестаттаудың кезеңділігін дербес таңдайды.

8. Арнаулы ұйымда білім беру процесін ұйымдастыру оқу жоспарының негізінде құрылады әрі жылдық күнтізбелік оқу кестесімен және сабақ кестесімен регламенттеледі.

9. Білім алушының жеке басының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламалары арнаулы ұйымдарда қашықтықтан оқыту

және экстернат нысанында игерілуі мүмкін. Білім алудың әртүрлі нысандарын ұштастыруға жол беріледі.

10. Нақты арнаулы ұйымдағы білім берудің мазмұны жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын ескере отырып, іске асырылатын бағдарламалармен және оқу жоспарларымен айқындалады.

11. Арнаулы түзету ұйымдарында дамуында тиісті ауытқулары бар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған бөлімшелер немесе топтар құрылуы мүмкін.

Арнаулы түзету ұйымдарында, сондай-ақ қажет болған жағдайда, ата-аналар (заңды өкілдер), дамуында проблемалары бар жасөспірімдер мен жастар үшін консультациялық пункттер, кәсіптік мектептердің арнайы топтары, бітірушілерді қосымша еңбекке даярлау және қайта даярлау орталықтары ашылуы мүмкін.

12. Есту, көру, тірек-қозғалыс аппараты функциясының бұзылыстары бар балаларға арналған арнаулы түзету ұйымдарының құрамында ақыл-ойы кеміс (зияткерлік бұзылыстары бар) балалар және психикалық дамуы тежелген балалар үшін, арнаулы сыныптар, түзету ұйымдарының барлық түрлерінде - күрделі құрылымдық кемістігі бар балалар үшін арнаулы сыныптар құрылуы мүмкін.

13. Арнаулы түзету ұйымы педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша ақыл-ойы кеміс (зияткерлік бұзылыстары бар) балалар үшін және қажетті жағдай болған кезде ақыл-ойы тым кеміс балалар үшін арнаулы сыныптар ашылуы мүмкін.

14. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдары бойынша факультативтік сабақтар өткізу кезінде сынып екі топқа бөлінеді. Қоғамға пайдалы өндіргіш еңбекті ұйымдастыру кезінде 5-сыныптан бастап, оқушылардың еңбекке даярлығы бейінін ескере отырып, сынып топтарға бөлінеді.

Кәсіби-еңбекке үйрету жөніндегі сабақтар үшін сыныптар, 5-сыныптан бастап, ал ақыл-ойы кеміс балалар үшін 4-сыныптан бастап екі топқа бөлінеді. Топтарды еңбектің түрлері бойынша жинақтау оқушылардың психикалық-дене жағдайы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дәрігердің ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

Топтағы балалар саны Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

15. Білім беру процесін жүзеге асыру үшін арнаулы ұйымдағы сыныптардың саны санитарлық нормаларға және шарттарға қарай ұйымның жарғысымен

а й қ ы н д а л а д ы .

16. Арнаулы ұйымдағы сабақ кестесі дербес әзірленеді және бекітіледі. Кестеде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы мен кезегі көрсетіледі.

Сабақтың ұзақтығы 45 минут. Оқу сабақтары ұйымдарда сағат 8-ден ерте
б а с т а л м а у ы т и і с .

17. Арнаулы ұйымдар білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мемлекеттік, орыс және басқа тілдердің оқытылуын және дамытылуын қамтамасыз етеді.

4. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

18. Арнаулы ұйымдардың оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Арнаулы түзету ұйымында білім берудің мазмұны тәрбиеленушілердің психикалық-дене дамуының және жеке мүмкіндіктерінің ерекшеліктерін ескере отырып әзірленетін білім беру бағдарламасымен (білім беру бағдарламаларымен)
а й қ ы н д а л а д ы .

Дамуында кемтар болып балалар үшін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму ерекшеліктері мен әлеуетті мүмкіндіктері ескерілетін, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарын ескере отырып, айқындалатын арнаулы білім беру бағдарламалары әзірленеді.

19. Оқу-тәрбие процесі баланың психологиялық-медициналық-педагогикалық және клиникалық зерделеу деректеріне негізделген, сараланған және жеке тұрғыдан келу қағидаттарының негізінде жүзеге асырылады. Балалардың сөйлеуінің, назарының, жұмысқа қабілетінің ерекшеліктерін, олардың даму серпінін, оқушылардың нақты білімдерін, олардың оқу материалын меңгеруінің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін анықтауды жүйелі зерделеу оқушының даму перспективасын анықтау және түзеу жұмысының құралдарын таңдау үшін ж ү р г і з і л е д і .

20. Оқу апталығының ұзақтығын тиісті білім беруді басқару органының келісімімен педагогикалық кеңес белгілейді және ол жарғыда бекітіледі.

21. Тәрбиеленушілердің дамуындағы ауытқуларды жеңу мақсатында арнаулы түзету ұйымында топтық және жеке түзету сабақтары жүргізіледі.

22. Арнаулы ұйымның педагогикалық кеңесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқуда қиындық көретін оқушыларға да, аса қабілетті оқушыларға да арналған оқытудың жеке бағдарламаларын және оқу жоспарларын бекітеді.

23. Арнаулы ұйымда еңбекке баулу жұмысшы кадрларға деген қажеттілікке бағдарланған өңірлік, жергілікті жағдайларды негізге алып және жеке еңбек қызметіне тәрбиеленушіні даярлауды өзіне қамтитын еңбек бейінін, таңдау негізінде тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), психикалық-дене дамуының жеке ерекшеліктерін, денсаулығын, мүмкіндіктерін, сондай-ақ қызығушылығын ескере отырып жүзеге асырылады.

5. Білім беру процесінің субъектілері

24. Арнаулы ұйымның педагогикалық және медициналық қызметкерлері, білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары (заңды өкілдері) білім беру процесінің субъектілері болып табылады.

25. Балаларды кемтар балаларға арналған арнаулы түзету білім беру ұйымдарына жіберуді ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен ғана және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан әрі - ПМПК) қорытындысы бойынша білім беруді басқару органдары жүзеге асырады.

Балалар мен жасөспірімдерді арнаулы білім беру ұйымдарына және девианттық мінез-құлықты кәмелетке толмағандарға арналған ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарына жіберу сот шешімінің негізінде кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның ұсынысы бойынша жүзеге асырылады.

Арнаулы түзету ұйымының көмекші сыныбына (тобына) тәрбиеленушілер ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен ПМПК-ның қорытындысы негізінде түзету ұйымында бір жыл оқығаннан кейін ғана ауыстырылады.

Кемістік құрылымы күрделі тәрбиеленушілерге арналған сыныптар (топтар) арнаулы түзету ұйымында осындай тәрбиеленушілердің айқындалуына қарай психологиялық-медициналық-педагогикалық бақылаудың барысында білім беру процесі жағдайында жинақталады.

26. Тәрбиеленушіні арнаулы түзету ұйымынан басқа білім беру ұйымына ауыстыруды білім беруді басқару органдары ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен және ПМПК-ның қорытындысы негізінде жүзеге асырады.

27. Жалпы білім беру бағдарламаларын игеру кезінде ерекше жетістікке жеткен арнаулы ұйымдардың бітірушілеріне үздік бағалы құжаттар беріледі.

Білім алуды аяқтамаған орта мектеп бітірушілеріне белгіленген үлгідегі а н ы қ т а м а б е р і л е д і .

Көру, есту және тірек-қозғалыс аппараты функциясының бұзылыстары бар балаларға арналған арнаулы түзету ұйымдарының, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарының және девианттық мінез-құлықты кәмелетке толмағандарға арналған ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарының мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен бітірушілеріне ұйымның мөрі басылған, тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Ақыл-ойы кеміс (зияткерлік бұзылыстары бар) балаларға арналған арнаулы түзету ұйымының бітірушілері ұйымның осы түрі үшін белгіленген үлгідегі к у ә л і к а л а д ы .

28. Арнаулы ұйымның персоналын жинақтау тәртібі оның жарғысымен және тиісті нормативтік құқықтық кесімдермен регламенттеледі.

29. Жалпы орта білім берудің негізгі және жоғарғы сатысындағы мұғалімдер үшін нормативтік оқу жүктемесі аптасына 18 сағатты, бастауыш сатыдағы мұғалімдер үшін - 20 сағатты, тәрбиешілер үшін - 25 сағатты құрайды. Ағымдағы жылға белгіленген оқу жүктемесінің көлемі әкімшіліктің бастамасымен осы жылдың аяғына дейін азайтыла алмайды.

30. Арнаулы ұйымда медициналық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнаулы ұйымның әкімшілігімен бірлесе отырып, тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғауға және олардың психикалық-дене жағдайын нығайтуға, диспансерлеуге, алдын алу іс-шараларын өткізуге жауап беретін және санитарлық-гигиеналық әрі эпидемияға қарсы режимді, дене тәрбиесі мен шынығуды, тамақтандыруды, оның ішінде емдәмдік тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылайтын штаттағы медицина қызметкерлері жүзеге асырады.

31. Медицина қызметкерлері педагогтарға жеке және сараланған тәсілді ұйымдастыруға көмек көрсетеді, тәрбиеленушілерге олардың денсаулығы мен даму ерекшеліктерін ескере отырып, медициналық-педагогикалық түзеу, еңбекке

баулудың бейінін таңдау, кәсіби бағдар беру, жұмысқа орналастыру бойынша; ата-аналарға (заңды өкілдерге) аурудың алдын алу мақсатында үйдегі жағдайда қорғау режимін сақтау қажеттілігі туралы ұсынымдар береді.

32. Арнаулы түзету ұйымдарында дәрі-дәрмектік және физиотерапевтік емдеу , климаттық емдеу және шынығу, емдік дене шынықтыру, массаж бен психотерапия жүргізіледі.

5. Арнаулы білім беру ұйымын басқару

33. Арнаулы ұйымды басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына , осы Ережеге және оқу орнының жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Алқалық басқарудың нысандары ұйымның кеңесі, қамқоршылық кеңес, педагогикалық кеңес болып табылады.

Арнаулы ұйымды тікелей басқаруды облыстардың (қалалардың, аудандардың), республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті білім беруді басқару органының келісімімен, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен үш жылда бір рет аттестаттаудан өтетін, құрылтайшы тағайындайтын директор жүзеге асырады.

34. Арнаулы ұйымның директоры өз жұмысында "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа алады. Ұйымның кеңесі мен директордың арасындағы өкілдіктерді ажырату білім беру ұйымының жарғысымен айқындалады.

Арнаулы ұйымның директоры оқу орнының жарғысына сәйкес білім беруді басқару уәкілетті органының келісімімен өз орынбасарларын қызметтерге тағайындайды және қызметтерден босатады. Оларды тағайындау және босату тәртібі білім беру ұйымының жарғысымен айқындалады.

35. Арнаулы ұйымдар оқу-тәрбие процесін, жүзеге асыруды, кадрларды таңдау мен орналастыруды, ғылыми, қаржы-шаруашылық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар шегінде өзге де қызметті дербес жүзеге асырады .

36. Арнаулы ұйымдар қызметкерлерінің құқықтары, міндеттері, әлеуметтік кепілдіктері мен жеңілдіктері "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де нормативтік құқықтық кесімдермен айқындалады.

7. Арнаулы ұйымның материалдық базасы, қаржыландыру

37. Арнаулы ұйымдар жергілікті жағдайларға қарай, қосалқы шаруашылық, оқу-тәжірибе телімін және оқу-өндірістік шеберханалар құруы мүмкін.

38. Білім беру ұйымдарының халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңнамасы және халықаралық шарттар, келісімдер, конвенциялар негізінде жүзеге асырылады.

8. Арнаулы ұйымды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі

39. Арнаулы ұйымды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.